



"Электр және электр механикалық жабдығы (түрлері бойынша)" кәсіби стандартты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 17 наурыздағы № 89 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 13 мамырда № 9414 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 704 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 09.12.2015 № 704 (2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған «Электр және электр механикалық жабдығы (түрлері бойынша)» кәсіби стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті (С.Қ. Есімханов) заңнамада белгіленген тәртіпте мыналарды:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Б.М. Жақсалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Индустрия және жаңа технологиялар
министрінің міндетін атқарушы А. Рау

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрі
----- Т. Дүйсенова

2014 жылғы 31 наурыз
Қазақстан Республикасы
Индустрия және жаңа технологиялар
министрінің міндетін атқарушының
2013 жылғы 17 наурыздағы
№ 89 бұйрығымен бекітілген

«Электр және электрмеханикалық жабдық (түрлері бойынша)» кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Электр және электрмеханикалық жабдық (түрлері бойынша)" кәсіби стандарты (бұдан әрі - КС) кәсіби қызмет саласындағы қызметкерлердің еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына, біліктілігіне және құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындайды және:

- 1) еңбек нарығының қазіргі заман қажеттілігіне жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға, кәсіби қызметтің мазмұнына бірыңғай талаптарды белгілеуге;
- 2) қызметкерлерді басқару саласында кең шеңбердегі міндеттерді шешуге;
- 3) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сонымен қатар тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;
- 4) кәсіби даярлықтарын бағалауды жүргізуге және мамандардың біліктілік сәйкестігін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

- 1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлер;
- 2) ұйымдардың басшылары мен қызметкерлері, ұйымдардың қызметкерлерді басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;
- 3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;
- 4) кәсіби даярлықтарын бағалау және біліктілік сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде қызметтің, лауазымның, біліктілікті арттырудың, қызметкерлерді аттестаттаудың, еңбекті ынталандыру жүйесінің және т.б.

функционалдық модельдеріне қатысты ішкі, корпоративтік стандарттары әзірленеді.

4. Осы КС-да келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – қызметкердің белгілі бір қызмет түрі шеңберінде еңбек міндеттерін сапалы орындауға дайын болу дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі – орындалатын жұмыстардың күрделілігін, дербестігі мен жауапкершілігін сипаттайтын қызметкердің біліктілігіне (құзыреттеріне) қойылатын талаптар деңгейі;

3) еңбек мәні - белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

4) еңбек құралдары – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – кәсіби қызмет саласының еңбек функцияларының тұтастай жиынтығынан және оларды орындауға қажетті құзыреттерден қалыптасқан құрамдас бөлігі;

6) еңбек функциясы – бизнес-үдеріс арқылы анықталатын және оларды еңбек қызметінің белгілі бір түрі шеңберінде орындау үшін қажетті құзыреттердің болуын көздейтін еңбек іс-қимылдарының біріктірілген және салыстырмалы түрде дербес жиынтығы;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы ықпалдасқан негізі (ұқсас және мақсаттылығы жақын объектілер, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) бар және оларды орындау үшін ұқсас құзыреттер мен еңбек функцияларының жинағын көздейтін саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) КС – кәсіби қызметтің нақты саласындағы қызметкердің еңбек мазмұнына, сапасына, жағдайына және біліктілік деңгейіне, құзыреттеріне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) КС бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, салыстырмалы түрде дербес және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы теориялық білім мен практикалық дағдылар кешенін білуді талап ететін еңбек қызметінің түрі;

11) құзырет – қызметкердің еңбек қызметінде білімін, білігі мен тәжірибесін қолдану қабілеті;

12) лауазым – жұмыс берушінің лауазымдық өкілеттіліктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген құрылымдық бірлігі;

13) міндет - нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып, еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты іс-қимылдар жиынтығы;

14) сала - өнім шығаруда, өндіріс технологиясы, жұмыс істейтіндердің негізгі қорлары мен кәсіптік дағдыларында ортақ мақсаты бар кәсіпорындар мен ұйымдар жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдық карта – еңбек қызметінің белгілі түрі қызметкерінің кәсіби қызметтің сол немесе өзге саласы шеңберінде орындайтын еңбек функциялары мен кәсіби міндеттерінің құрылымдалған сипаттамасы.

2. КС паспорты

5. Экономикалық қызметтің түрі: 35 Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа бптау.

6. Кәсіби қызмет саласы: электр және электрмеханикалық жабдық.

7. Кәсіби қызмет саласының негізгі мақсаты: жұмыс орнының жоспарлануын, орнатылатын жабдықты орналастыру схемаларын, күштік желілерді, жарықтандыру желілері мен аспаптарын зерттеу, сондай-ақ құрылғылардың жұмысындағы, оларды жөндеудегі, монтаждаудағы және ретке келтірудегі ақаулықтарды анықтау, электртехникалық өлшеулер мен санықтар.

8. Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында көрсетілді.

3. Еңбек қызмет түрлерінің (кәсіп) карточкалары

1-параграф. Электр машиналарының электр монтаждаушысы

9. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2-4.

10. Мүмкін болатын лауазым атаулары:

электромонтер;

электр машиналары жөніндегі электр слесары.

11. Орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы – электр машиналарын монтаждау.

12. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілді.

13. Электр машиналарының электр монтаждаушысының еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде келтірілді.

14. Электр машиналарының электр монтаждаушысы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілді.

15. Электр машиналарының электр монтаждаушысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде келтірілді.

16. Электр машиналарының электр монтаждаушысы құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5-7 кестелерінде көрсетілді.

2-параграф. Күштік желілер және электр жабдығы жөніндегі электр монтаждаушысы

17. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-4.

18. Мүмкін болатын лауазым атаулары:
электромонтер;

күштік желілер және электр жабдығы жөніндегі электр слесары.

19. Орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы – күштік желілер мен электр жабдығын монтаждау.

20. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілді.

21. Күштік желілер және электр жабдығы жөніндегі электр монтаждаушысының еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде келтірілді.

22. Күштік желілер және электр жабдығы жөніндегі электр монтаждаушысы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілді.

23. Күштік желілер және электр жабдығы жөніндегі электр монтаждаушысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде келтірілді.

24. Күштік желілер және электр жабдығы жөніндегі электр монтаждаушысы құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5-7 кестелерінде көрсетілді.

3-параграф. Жарықтандыру және жарық беру желілерінің электр монтаждаушысы

25. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2-4.

26. Мүмкін болатын лауазым атаулары:
жарықтандыру және жарық беру желілері жөніндегі электромонтер;

27. Орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы – жарықтандыру және жарық беру желілерін монтаждау.

28. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілді.

29. Жарықтандыру және жарық беру желілері электр монтаждаушысының еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде келтірілді.

30. Жарықтандыру және жарық беру желілері электр монтаждаушысы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 4-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілді.

31. Жарықтандыру және жарық беру желілері электр монтаждаушысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде келтірілді.

32. Жарықтандыру және жарық беру желілері электр монтаждаушысы құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5-7 кестелерінде көрсетілді.

4-параграф. Электр механигі

33. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 2-4.

34. Мүмкін болатын лауазым атаулары:
э л е к т р о м о н т е р ;
э л е к т р о с л е с а р ь .

35. Орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы – электр және электрмеханикалық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

36. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілді.

37. Электр механигінің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде келтірілді.

38. Электр механигі орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілді.

39. Электр механигі орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде келтірілді.

40. Электр механигі құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5-7 кестелерінде көрсетілді.

5-параграф. Техник

41. СБШ бойынша біліктілік деңгейі: 4.

42. Мүмкін болатын лауазым атаулары:
т е х н и к - э л е к т р и к .

43. Орындалатын еңбек қызметінің жалпыланған сипаттамасы – электр және

электрмеханикалық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеуді ұйымдастыру мен жоспарлау.

44. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 6-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілді.

45. Техниктің еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 2-кестесінде келтірілді.

46. Техник орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 6-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілді.

47. Техник орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы осы КС 6-қосымшасының 4-кестесінде келтірілді.

48. Техник құзыреттеріне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілді.

4. КС әзірлеушілері

49. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі КС әзірлеушісі болып табылады.

50. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 7-қосымшасында келтірілген.

«Электр және электрмеханикалық жабдық» кәсіби стандартына 1 Қосымша

Еңбек қызметінің түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

| Р/н | Қызмет түрінің атауы | Еңбек нарығының үрдістерін ескерумен кәсіптің атауы | 01-2005 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес кәсіп атауы | Салалық біліктілік шеңбері біліктілік деңгейі |
|-----|--|---|--|---|
| 1. | Электр машиналарын монтаждау | Электр машиналарының электр монтаждаушысы | Электр машиналары жөніндегі электр монтажшысы, электр машиналарының монтажшысы, электромонтер, электрослесарь | 2-4 |
| 2. | Күштік желілер мен электр жабдығын монтаждау | Күштік желілері және электр жабдығының электр монтаждаушысы | Электр жабдықтар, күш беруші желілер жөніндегі электр монтажшы, күш беруші желілер монтажшысы, электромонтер, электрослесарь | 2-4 |
| 3. | Жарықтандыру және жарық беру желілерін монтаждау | Жарықтандыру және жарық беру желілерінің электр монтаждаушысы | Жарық беру және жарық беру желілері бойынша электрмонтаждаушы, электромонтер, электрослесарь | 2-4 |
| 4. | Электр және электрмеханикалық | Электр механигі | | 2-4 |

| | | | | |
|----|--|--------|---|---|
| | жабдыққа техникалық қызмет көрсету | | Электромеханик, электромонтер, электрослесарь | |
| 5. | Электр және электрмеханикалық жабдыққа техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастыру | Техник | Техник | 4 |

«Электр және электрмеханикалық жабдық» кәсіби стандартына 2 Қосымша

Электр машиналарының электр монтаждаушысы

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасы Кәсіптердің мемлекеттік жіктеуішіне (КМЖ) сәйкес коды | |
| Базалық топ | 7137 «Электр машиналары жөніндегі электр монтаждшысы» |
| Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА) | |
| БТБА шығарылымы, бөлімі | 3-шығарылым, «Электр станциялары мен желілердің жабдығын жөндеу Құрылыс, монтаждау және жөндеу - құрылыс жұмыстары» |
| БТБА бойынша кәсіп | Электр машиналары жөніндегі электр монтаждшы |
| Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разрядтар |
| 2 | 2 |
| 3 | 3-4 |
| 4 | 5 |

2-кесте. Электр машиналарының электр монтаждаушысының еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|--|---|---------------------------------|
| Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Жабдықталған және аттестатталған жұмыс орындары | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы | Ірі көлемді бұйымдармен, биіктікте, ашық алаңда жұмі істеу, электромагниттік сәуле шығару, электр кернеу электрмен зақымдану қаупін туғызатын факторлар | |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | Денсаулық жағдайына қарай жұмысқа рұқсат ал Электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат алу | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім алу мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 2 | Жалпы орта білімі бар болған кезде қысқамерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту | талап етілмейді |
| 3 | Техникалық және кәсіби білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі | СБШ 2-деңгейінде 2 жыл |
| 4 | Техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі | талап етілмейді |

3-кесте. Электр машиналарының электр монтаждаушысы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі

| Еңбек функциясының № | Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі) |
|----------------------|--|
| 1 | Құрал-саймандар мен құрылғылардың қапталуын, іске жарамдылығын тексеру |
| 2 | Жұмыс орнын жоспарлау, орнатылатын жабдықты орналастыру схемасы |
| 3 | Жабдықты, іргетастарды, бекіту материалдарын және қосалқы құрал-сайман мен құрылғыларды, көтермелі-қозғалмалы механизмдерін тексеру |
| 4 | Негізгі және қосалқы түйіндерді, электр машиналарының бөліктерін жабдықты электрме коректендіру схемасына сәйкес монтаждау |
| 5 | Бекітпе, қоршау, жабдықтың жерлендірілу схемалары |
| 6 | Іске қосу және ретттеу жұмыстары (реле қорғанысы және автоматика (РҚА) реттеу, электр жабдығын сынау және өлшеу), сынақты іске қосу, сынау |
| 7 | Қабылдау-тапсыру жұмыстары |

4-кесте. Электр машиналарының электр монтаждаушысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

| Еңбек функциясы № | Еңбек мәні | Еңбек құралдары | Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері) |
|-------------------|--|---|--|
| 1 | Электр машинасы | арнайы киім, аяқ киім, құрал-саймандар мен құрылғылар | 1-1) Қаптауын таза күйінде сақтау, құрал-саймандар мен құрылғыларды таза және техникалық тұрғыдан іске жарамды күйде ұстау |
| 2 | Электр машинасы | Электр машинасының орналасу схемасы | 2-1) Жұмыс орнын жоспарлау, орнатылатын жабдықты орналастыру схемасы |
| 3 | Электр машинасы | Электр машинасының техникалық құжаттамасы | 3-1) Жабдықты, іргетастарді шолып қарап бекіту материалдарын және қосалқы құрал-сайман мен құрылғыларды, көтермелі-қозғалмалы механизмдерін дайындау |
| 4 | Электр машинасының негізгі және қосалқы түйіндері, бөліктері | құрал-саймандар мен құрылғылар | 4-1) Негізгі және қосалқы түйіндерді, электр машиналарының бөліктерін жабдықты электрмен коректендіру схемасына сәйкес монтаждау жұмыстарын жүргізу |
| 5 | Электр машинасы | Құрал-саймандар мен құрылғылар | 5-1) Негізгі және қосалқы жабдықтың бекітпе қоршауының бар болуын, жерлендірілуін тексеру |
| 6 | Электр машинасы | Электр машинасының техникалық құжаттамасы | 6-1) Іске қосу және ретттеу жұмыстары (реле қорғанысы және автоматика (РҚА) реттеу, электр жабдығын сынау және өлшеу), сынақ іске қосу, нәтижелерді талдау, сынау қорытындыларын жасау |
| | | | |

| | | | |
|---|-----------------|---|--|
| 7 | Электр машинасы | Электр машинасының техникалық құжаттамасы | 7-1) Қабылдау-тапсыру жұмыстарын жүргізу |
|---|-----------------|---|--|

5-кесте. СБШ 2-біліктілік деңгейіндегі электр машиналарының электр монтаждаушысы құзыреттеріне қойылатын талаптар

| Міндет № | Жеке және кәсіби құзыреттер | Біліктері мен дағдылары | Білімі |
|----------|--|--|--|
| 1-1) | Нәтиже үшін шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет | Электр энергетикалық және электр техникалық жабдықты монтаждау бойынша құрал-саймандармен және құрылғылармен жұмыс істеу; алғашқы медициналық көмек көрсету. | Электр энергетикалық және электр техникалық жабдықты монтаждау бойынша құрал-саймандармен және құрылғылармен қауіпсіз жұмыс істеу әдістері |
| 4-1) | Орындаушылық, электр энергетикалық және электр техникалық жабдықты монтаждау кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшылық етумен құрастыру бойынша ұсынымдарды орындау | Электр энергетикалық және электр техникалық жабдықты монтаждау бойынша жұмыстарды орындау; алғашқы медициналық көмек көрсету. | Электр энергетикалық және электр техникалық жабдықты монтаждау жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелері |
| 5-1) | Орындаушылық, шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшылық етумен жабдықтың бекітпе, қоршауының бар болуын, жерлендірілуін тексеру бойынша ұсынымдарды қатаң орындау | Электр энергетикалық және электр техникалық жабдықтың бекітпе, қоршауының бар болуын, жерлендірілуін тексеру, алғашқы медициналық көмек көрсету | Электр энергетикалық және электр техникалық жабдықтың орналасу орны, бекітпе, қоршауына, жерлендірілуіне қойылатын талаптар |

6 Кесте. СБШ 3-біліктілік деңгейіндегі электр машиналарының электр монтаждаушысы құзыреттеріне қойылатын талаптар

| Міндет № | Жеке және кәсіби құзыреттер | Біліктері мен дағдылары | Білімі |
|----------|--|--|---|
| 2-1) | Орындаушылық, жұмыстарды дайындау және жүргізу кезінде өз бетінше жоспарлауды көздейтін басшылық етумен жабдықты жоспарлау мен орналастыру бойынша ұсынымдарды қатаң орындау | Электр энергетикалық және электр техникалық жабдықты монтаждау үшін орнатылатын жабдықты орналастыру; сызбалар мен электр схемаларын оқу | Электр энергетикалық және электр техникалық жабдықты орналастыруды жоспарлау кезіндегі жұмыстарды қауіпсіз жүргізу әдістері |

7 Кесте. СБШ 4-біліктілік деңгейіндегі электр машиналарының электр монтаждаушысы құзыреттеріне қойылатын талаптар

| № задачи | М і н д е т № | Жеке және кәсіби құзыреттер | Біліктері мен дағдылары |
|----------|---|--|--|
| 3-1) | Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз бетінше белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілікті көздейтін, басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет | Жабдықтың, іргетастардың, бекіту материалдарын және қосалқы құрал-сайман мен құрылғыларды, көтермелі-қозғалмалы механизмдерінің болуын тексеру | Жабдықтың, іргетас, бекіту материалдары және қосалқы құрал-сайман мен құрылғыларды көтермелі-қозғалмалы механизмдерінің тізбесі |
| 6-1) | Орындаушылық, бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз бетінше белгілеуін, нормалардың іске асырылуын ұйымдастыру және бақылауын көздейтін басшылық етумен талаптарды орындау, нәтиже үшін жауапкершілік | Іске қосу және реттеу жұмыстары, сынақты іске қосу, орнатылған электр энергетикалық және электр техникалық жабдықты сынау | Сынақты іске қосу, орнатылға электр энергетикалық және электр техникалық жабдықты сынау кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары |
| 7-1) | Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз бетінше белгілеуін, нормалардың іске асырылуын ұйымдастыру және бақылауды, жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілікті көздейтін, басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет | Электр энергетикалық және электр техникалық жабдықты пайдалануға беру жұмыстарын орындау | Электр энергетикалық және электр техникалық жабдықты қабылдау-тапсыру қағидалары |

«Электр және электрмеханикалық жабдық» кәсіби стандартына 3 Қосымша

Күштік желілері және электр жабдығының электр монтаждаушысы

1 Кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

| | |
|---|---|
| Код согласно Государственному классификатору занятий Республики Казахстан (ГКЗ) | |
| Базалық топ | 7137 «Күш беруші желілер монтаждшысы» |
| Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА) | |
| БТБА шығарылымы, бөлімі | 3-шығарылым, «Электр станциялары мен желілердің жабдығын жөндеу Құрылыс, монтаждау және жөндеу - құрылыс жұмыстары» |
| БТБА бойынша кәсіп | Электр жабдықтар, күш беруші желілер жөніндегі электр монтаждшы |
| | |

| | |
|---|------------------------|
| Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разрядтар |
| 2 | 2 |
| 3 | 3-4 |
| 4 | 5-6 |

2-кесте. Күштік желілер және электр жабдығы жөніндегі электр монтаждаушысының еңбек жағдайына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|--|--|---------------------------------|
| Кәсібі бойынша болуы мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорындар, ұйымдар) | Жабдықталған және аттестатталған жұмыс орындары | |
| Зиянды және қауіпті еңбек жағдайы | Ірі көлемді бұйымдармен, биіктікте, ашық алаңда жұмыс істеу, электромагниттік сәуле шығару, электр кернеу электрмен зақымдану қаупін туғызатын факторлар | |
| Жұмысқа рұқсат берудің ерекше жағдайлары | Денсаулық жағдайына қарай рұқсат алу Электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат алу | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім алу мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 2 | Жалпы орта білімі бар болған кезде қысқамерзімді курстар немесе кәсіпорында оқыту | талап етілмейді |
| 3 | Техникалық және кәсіби білімнің белгіленген деңгейі және практикалық жұмыс тәжірибесі | СБШ 2-деңгейінде 2 жыл |
| 4 | Техникалық және кәсіби білімнің жоғары дәрежелі деңгейі | талап етілмейді |

3-кесте. Күштік желілер және электр жабдығы жөніндегі электр монтаждаушысы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі

| | |
|----------------------|--|
| Еңбек функциясының № | Еңбек функциясының атауы(кәсіби стандарттың бірлігі) |
| 1 | Құрал-саймандар мен құрылғылардың қапталуын, іске жарамдылығын тексеру |
| 2 | Жұмыс орнын жоспарлау, орнатылатын жабдықты орналастыру схемасы |
| 3 | Жабдықты, күштік кабельдерді, сымдарды, шкафтарды, бекіту материалдарын және қосалқы құрал-сайман мен құрылғыларды, көтермелі-қозғалмалы механизмдерін тексеру |
| 4 | Күштік электр сымдарын, электр жабдығын орналастыру схемасы мен жабдықты қос схемасына сәйкес монтаждау |
| 5 | Бекітпе, қоршау, жабдықтың жерлендірілуін тексеру |
| 6 | Сынақты іске қосу, сынау |
| 7 | Қабылдау-тапсыру жұмыстары |

4-кесте. Күштік желілер және электр жабдығы жөніндегі электр монтаждаушысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

| Еңбек функциясы № | Еңбек мәні | Еңбек құралдары | Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері) |
|-------------------|---|--|---|
| 1 | Күштік желілері мен электр жабдығы | арнайы киім, аяқ киім, құрал-саймандар мен құрылғылар | 1-1) Қаптауын таза күйінді сақтау, құрал-саймандар мен құрылғыларды таза және техникалық тұрғыдан іске жарамды күйде ұстау |
| 2 | Күштік желілері мен электр жабдығы | Күштік желілері мен электр жабдығы орналастыру мен монтаждау схемалары | 2-1) Жұмыс орнын жоспарлап орнатылатын жабдықты орналастыру схемасы |
| 3 | Күштік желілері мен электр жабдығы | Күштік желілері мен электр жабдығының техникалық құжаттамасы | 3-1) Жабдықты, іргетастарды шолып қарау, бекіту материалдарын және қосалқы құрал-сайман мен құрылғылар, көтермелі-қозғалмалы механизмдерін дайындау |
| 4 | Күштік желілері мен электр жабдығының схемасы, негізгі және қосалқы түйіндері, бөліктері, | құрал-саймандар мен құрылғылар | 4-1) Жабдықты орналастыру мәнін іске қосу схемаларына сәйкес электр жабдығын орнату, трассаларды белгілеу мен күш электр сымын монтаждау |
| 5 | Күштік желілері мен электр жабдығы | құрал-саймандар мен құрылғылар | 5-1) Негізгі және қосалқы жабдықтың бекітпе, қоршауының бар болуын, жерлендірілуін тексеру |
| 6 | Күштік желілері мен электр жабдығы | Күштік желілері мен электр жабдығының техникалық құжаттамасы | 6-1) Іске қосу және реттеу жұмыстары сынақты іске қос нәтижелерді талдау, сынау қорытындыларын жасау |
| 7 | Күштік желілері мен электр жабдығы | Күштік желілері мен электр жабдығының техникалық құжаттамасы | 7-1) Қабылдау-тапсыру жұмыстарын жүргізу |

5-кесте. СБШ 2-біліктілік деңгейіндегі күштік желілер және электр жабдығы жөніндегі электр монтаждаушысы құзыреттеріне қойылатын талаптар

| Міндет № | Жеке және кәсіби құзыреттер | Біліктері мен дағдылары | Білімі |
|----------|---|---|--|
| 1-1) | Міндеттерді өз бетінше белгіледі, жұмыстардың нәтижесі үшін міндеттердің орындалуына жауапкершілікті көздейтін, басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық қызмет | Күштік желілері мен электр жабдығын монтаждау бойынша құрал-саймандармен және құрылғылармен жұмыс істеу | Күштік желілері мен электр жабдығын монтаждау бойынша құрал-саймандармен және құрылғылармен жұмыстарды қауіпсіз орындау әдістері |

| | | | |
|------|--|--|--|
| 4-1) | Орындаушылық, күштік желілері мен электр жабдығын монтаждау кезінде шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшылық етумен құрастыру бойынша ұсынымдарды қатаң орындау | Күштік желілері мен электр жабдығын монтаждау бойынша жұмыстарды орындау | Күштік желілері мен электр жабдығын монтаждау бойынша жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік ережелері |
| 5-1) | Орындаушылық, шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшылық етумен жабдықтың бекітпе, қоршауының бар болуын, жерлендірілуін тексеру бойынша ұсынымдарды қатаң орындау | Күштік желілері мен электр жабдығының бекітпе, қоршауының бар болуын, жерлендірілуін тексеру | Күштік желілері мен электр жабдығының орналасу орны бекітпе, қоршауына, жерлендірілуіне қойылатын талаптар |

6 Кесте. СБШ 3-біліктілік деңгейіндегі күштік желілер және электр жабдығы жөніндегі электр монтаждаушысы құзыреттеріне қойылатын талаптар

| Міндет № | Жеке және кәсіби құзыреттер | Біліктері мен дағдылары | Білімі |
|----------|--|---|--|
| 2-1) | Орындаушылық, жұмыстарды дайындау және жүргізу кезінде өз бетінше жоспарлауды көздейтін басшылық етумен жабдықты жоспарлау мен орналастыру бойынша ұсынымдарды қатаң орындау | Күштік желілері мен электр жабдығын монтаждау үшін орнатылатын жабдықты орналастыру; сызбалар мен электр схемаларын оқу | Күштік желілері мен электр жабдығын орналастыруды жоспарлау кезінде жұмыстарды қауіпсіз жүргізу әдістері |

7 Кесте. СБШ 4-біліктілік деңгейіндегі күштік желілер және электр жабдығы жөніндегі электр монтаждаушысы құзыреттеріне қойылатын талаптар

| Міндет № | Жеке және кәсіби құзыреттер | Біліктері мен дағдылары | Білімі |
|----------|--|--|---|
| 3-1) | Бағынышты қызметкерлердің міндеттерді өз бетінше белгілеуін, нормаларды ұйымдастыру және іске асыруды бақылауын, жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілікті көздейтін, басшылық етумен нормаларды іске асыру бойынша орындаушылық-басқарушылық қызмет | Жабдықтың, іргетастардың, бекіту материалдарын және қосалқы құрал-сайман мен құрылғыларды, көтермелі-қозғалмалы механизмдерінің болуын тексеру | Жабдықтың, іргетас, бекіту материалдары және қосалқы құрал-сайман мен құрылғылардың, көтермелі-қозғалмалы механизмдерінің тізбесі |
| 6-1) | Орындаушылық, шектеулі жауапкершілікті және белгілі бір дербестік деңгейін көздейтін, басшылық етумен жабдықтың бекітпе, қоршауының бар болуын, | Күштік желілері мен электр жабдығының бекітпе, | Күштік желілері мен электр жабдығының орналасу орны |

| | | | |
|------|---|---|---|
| | жерлендірілуін тексеру бойынша ұсынымдарды қатаң орындау | қоршауының бар болуын, жерлендірілуін тексеру | бекітпе, қоршауына, жерлендірілуіне қойылатын талаптар |
